

Kazakhstan youth magazine

# UNIQUUM<sup>SU</sup>

№14 (60)  
МАРТ-АПРЕЛЬ


46

**Нургалиева**

**Айганым**

**ВОЛОНТЕРСТВО –  
ЭТО ЗОВ ДУШИ**





**СИДЯ ДОМА, МЫ СМОЖЕМ  
ПРЕРВАТЬ ЦЕПОЧКУ  
РАСПРОСТРАНЕНИЯ ВИРУСА!**



## SU NATION

**8 «СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ – 2020» АТТЫ ДӘСТҮРЛІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ ҚАЛАЙ ӨТТІ?**

**10 DIGITAL БОЛАШАҚҚА ҚАРАЙ:**  
**«OXYGEN»** ТОБЫМЕН СҰХБАТ

**14 ЭМОЦИОНАЛЬДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**

**18 ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ**



**26 РАВНЕНИЕ НА АКАДЕМИКА САТПАЕВА**

**28 НАПУТСТВИЕ МОЛОДЫМ ГЕОЛОГАМ**

## ЭССЕ

**30 ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ – АЗАМАТ ЖӘНЕ ПАТРИОТ**

**32 Қ.И.СӘТБАЕВ – ТІЛ ЖАНАШЫРЫ, ӘДІСКЕР-ҰСТАЗ**

## LISTEN UP

**34 ЮВАЛЬ НОЙ ХАРАРИ**  
2050 ЖЫЛЫ ӘЛЕМ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

## ALL EYES ON ME

**41 ВОЛОНТЕРСТВО – ЭТО ЗОВ ДУШИ**



## SU SPORT

**48 ОНИ ДРУГА СНАЧАЛА ПУГАЛИ ДРУГА**

## REAL TALK

**50 Я ШАЛЯПИН**



**56 ЭКОСАНА: ТРЕНД ПЕ, ӘЛДЕ ШЫНАЙЫ ӨЗГЕРІС ПЕ?**

**60 POLLUTION AIR**

**63 QUOTES TO INSPIRE YOUR LIFE JOBS'**  
HERE ARE 15 STEVE JOBS' QUOTES TO INSPIRE YOU



## **НАД НОМЕРОМ РАБОТАЛИ:**

**Журналист**  
Мерей КОСЫН

**Редактор казахского языка**  
Айман СУЛЕЙМЕНОВА

**Редактор русского языка**  
Ляззат СЕРАЛИНА

**Дизайн и верстка**  
Берик СУХАНОВ

**Фотографы:**  
Елена ПАПЭ, Дамир ТАИРОВ

Печатное издание **UNIQUM** зарегистрировано в Министерстве культуры  
и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания №17030-Ж от 10.04.2018 г.

Дата и номер первичной постановки на учет №13494-Ж, 02.04.2013 г.

Выпуск №14 (60) март - апрель 2020 г.

Отпечатано в типографии НАО «КазННТУ им. К.И.Сатпаева».

Тираж 1200 экз. Распространяется бесплатно.

Адрес редакции: Республика Казахстан, г.Алматы, ул. Сатпаева, 22,  
ГУК, каб. №616, тел: (727) 292 43 06

KAZAKHSTAN YOUTH MAGAZINE

# UNIQUM

## ҚҰРМЕТТІ ДОСТАР!

**Ш**абыт алғыларыңыз келе ме? Шарқ ұрып, өзіңіздің мүмкіндіктеріңізді іздеудесіз бе? Қиялыңыз қанат қағып, ғарышта жүр ме? Онда сіз дәл біздің қатардансыз. Ия, дәл сіз – біздің кейіпкер, біздің студентсіз!

Журналымыздың кезекті көктемгі санында біз сіздермен бірге әдеттегідей айналамыздағы өзгерістер мен жаңалықтарға толы әлемге ақпараттық саяхат жасағалы отырмыз. Сүйікті журналдың бұл санында сіздер тағы да жаңа есімдермен таныс боласыздар – олар алыста емес, сіздің қасыңызда. Олар сіз ашқан есікті ашып, сіз отырған аудиторияда болған сіз сияқты студенттер. Олардың айтары бар, ал сіз тындап көріңіз. Мүмкін, біздің келесі кейіпкеріміз дәл сіз боларсыз. Біздің мақсат – толқыннан толқын тудыратын ойлар мен әрекеттерге жетелеу арқылы өз оқырмандарымыз, яғни сіздермен бірге университетімізде creative community space құру. Сонымен қатар бұл санда сізді болашақ туралы болжамдар мен бүгінгі күннің ең сәнді тақырыптары және тамаша ғылыми жаңалықтар күтеді. Әрі журналымыздың тек қана өнерге арналатын соңғы беттері сіздерді шынайы шығармашылық әлемге жетелей аларына әбден сенімдіміз.

Марстың алғашқы тұрғындарының бірі болуға шақырған «Mars one» жобасы есіңізде ме? Осы аңызға айналған жобаға қатысуға әлемнің түкпір-түкпірінен 200 000-нан астам волонтерлерден өтініш келіп түсуі – шындығында, адам баласының жаңа әлемді ашуға, айналасы үшін игі істерді жасауға ниеті мен құлшынысының ерекше екенін көрсеткен еді. Елімізде биылғы жылдың «Волонтерлер жылы» деп жариялануы – біздің әрқайсымыздың алдымыздағы үлкен сынақ пен жауапкершілік. Себебі қоғамға пайдалы болу – бұл тек міндеттемелерді орындаудан ғана тұрмайды, ол әрбір қоғам мүшесінің өзі көргісі келетін жақсылықтарды ерікті түрде жасауы болып табылады. Сондықтан сіз де ерікті үлес қосшы болуға тырысып көріңіз!

Өкінішке орай, елімізде орын алып жатқан төтенше жағдайларға байланысты осы қоғамның бір бөлшегі ретінде сіздің де өз денсаулығыңызға ерекше жауапкершілікпен қарауыңыз бәріміз үшін маңызды екенін айтқымыз келеді. Позитивті болыңыз және бізбен бірге өз кеңістігіңізді құрыңыз!



**Академику Досмухамеду Кшибекову в этом году 95 лет, из них 56 лет он безупречно трудился в нашем Университете. Мы публикуем доброжелательное письмо Министерства образования и науки РК, посланное в его адрес.**





010000, город Астана, «Дом Министерства»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

Алматы қаласы, Жандосов көшесі,  
164-үй, 27-пәтердің тұрғыны  
Д. Кішібековке

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
білім саласына қосып отырған үлесіңіз үшін Сізге ризашылығын білдіреді.

Ұлтымыздың тарихына, әдебиетіне, мәдениетіне, өсіп-өркендеу жолына қатысты мыңдаған дерек көздерін, алуан түрлі басылымдарды, ой-пікірлерді саралап, Өзіңіздің өмірден түйген пайымдарыңызды ұштастыра отырып, маңызды еңбектер жаздыңыз.

Алдағы уақытта, деніңізге саулық және шуақты күндер тілейміз!

Вице-министр

*Paula*

М. Дәуленов

Орын: А. Хажиметова  
тел. 74-23-52

014533

МЕРЕЙ КОСЫН

# «Сәтбаев оқулары – 2020» атты дәстүрлі халықаралық ғылыми конференция қалай өтті?







сайын 12 сәуір күні елімізде Қазақстан Республикасы Ғылым қызметкерлерінің күні аталып өтеді. Бұл мереке көрнекті қазақ геолог-ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туған күні құрметіне

бекітілген болатын. Сонымен қатар Сәтбаев университетінде дәл осы күні жыл сайын дәстүрге айналған «Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция өткізіліп келеді. Биылғы жылы да елімізде орнаған төтенше жағдайға қарамастан, бұл іс-шара өз жалғасын тапты. Ерекшелігі сол – биылғы конференция әдеттегідей университет аудиториясында емес, онлайн түрде өткізілді. «Сәтбаев оқулары-2020» конференциясына қатысуға барлығы 396 ғылыми баяндама өтініші келіп түскен болатын, оның ішінде 176 баяндама онлайн басқосуда оқылып, талқыланды.

Конференцияның негізгі мақсаты – ғылым мен білім сапасын арттыруға бағыт алып отырған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуын қамтамасыз ету және еліміздің ғылым саласындағы мамандар үшін интеллектуальдық орта қалыптастыру болып табылады. Конференция барысында ғылым мен өндірістік және білім беру салаларында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген мамандар өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Сәтбаев оқулары-2020» ғылыми конференциясы тақырыбы бойынша әртүрлі секцияларға бөлініп, соның ішінде негізгі 8 ғылыми бағыт аясында баяндамалар ұсынылды. Олар:

1. Геология, геофизика, мұнай-газ және тау-кен ісі;
2. Металлургия және өнеркәсіптік инженерия;
3. Сәулет және құрылыс;
4. Өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрландыру;
5. Кибернетика және ақпараттық технологиялар;
6. Химиялық және биологиялық технологиялар;
7. Жобаларды басқару;
8. Базалық пәндер.

Онлайн конференцияда аталған салалар бойынша бүгінгі күннің өзекті мәселелері көтеріліп, ғылым мен білім жүйесінде техниканың жаңа мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасалынуға болатын жобалар төңірегінде ұсыныстар айтылды және берілген уақыт ішінде осы ұсыныстар бойынша талқылау жүргізілді. Сонымен қатар гуманитарлық ғылымдар кафедралары да конференцияға белсенді түрде қатысып, зерттеп жатқан тақырыптарының өзектілігімен бөлісті. «Инновациялық білім беру технологиясы – подкаст», «Телевизияның қоғамда әлеуметтік ахуал қалыптастырудағы қызметі», «Қазақ тілін өз бетінше үйренудің өзекті мәселелері», «Ұлттық құндылық – тәрбие бастауы», «Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен қолданыстардың зерттелуі жайында» сияқты заманауи мәселелерге арналған баяндамалар оқылды.

Жиырманшы рет өтіп отырған «Сәтбаев оқулары» өзінің қызметін қашықтықтан жүргізгеніне қарамастан, университет ғалымдары, профессорлық-оқытушылар құрамы мен докторанттар, магистранттар және студенттердің белсенді атсалысуының арқасында биылғы жылғы конференция да жоғары деңгейде өтті.

# OXYGEN

МЕРЕЙ ҚОСЫН

## Digital болашаққа қарай: «OXYGEN» тобымен сұхбат

2019 жылы 24 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласындағы Конгресс-орталықта өткен «Жастар және уақыт шақыруы» XI жастар форумы аясында ұйымдастырушылар Қазақстан студенттері мен магистранттары үшін Student Digital Fest байқауын өткізген болатын. «StudentDigitalFest» байқауының мақсаты – мұнай-газ және энергетика салаларын цифрландыру саласында технологиялық шешімдерді әзірлеу бойынша жастардың инновациялық жобаларын қолдау. Байқау қауымдастықтың мұнай-газ және энергетика салаларының компанияларына адами капиталды дамыту мен жетілдіруде жәрдемдесу жөніндегі міндеттерін жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылды және өткізілді. Осы байқауда біздің университеттен қатысқан OXYGEN командасы жеңімпаз атанған болатын. Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және тау-кен ісі институтының 4-курс студенттері осы команданың мүшелері Ерназар Саменов және Айжан Умербаевамен осы байқауға қатысқан жобалары туралы сұхбат құрған едік.





## «OXYGEN»

**командасының мүшесі –  
Ерназар Саменов:**

Сіздер жақында Нұр-Сұлтан қаласында өткен «StudentDigitalFest» байқауына қатысып, жүлделі оралдыңыздар, алдымен осы байқау туралы айтып өтсеңіз.

Бұл «KAZENERGY» ассоциациясы мен «Karachaganak Petroleum Operating» компаниясының бірігіп жасаған «пилотный» жобасы, яғни биыл алғаш рет өтіп отыр. «Kazenergy» ассоциациясы бұрын төрт жыл бойы «Student Energy Challenge» байқауын ұйымдастырып келді. Ол жобаларға да «Шелл» мұнай-газ компаниясы демеу болған болатын. Бұрынғы байқауларда студенттер жай ғана өздерінің идеяларын ұсынатын, ал бұл жолғы байқауда белгілі бір берілген тапсырмалар орындалды.

Сіздер бұл байқауға қатысуға мүмкіндікті қалай алдыңыздар, қалай іріктеу болды, біздің университеттен сіздерден басқа командалар қатысты ма?

Ия болды, бізден басқа үш команда қатысты. Негізінен барлығы мұнай-газ саласында оқып жатқан студенттер. Себебі талап пен тапсырма солай болды, яғни мұнай-газ саласындағы қазіргі мәселелерге байланысты. Мысалы, онда негізгі үш тапсырма болды: калькулятор құру, транспортиациядағы тіркелген дерекерді цифровизациялау және Data science. Біз осы үш тапсырманың ішінде өз мамандығымызға сәйкес калькулятор құру бойынша байқауға қатыстық.



### Команда қалай құрылды?

Біз бұл команданы жоғарыда атап өткен 2018 жылғы «Student Energy Challenge» байқауына байланысты ұйымдастырып құрған болатынбыз. Сол кезде келесі жылы осындай жобаның болатындығын хабарлады, біз содан кейін осы командамен келесі жылғы байқауға қатысуды шештік.

**Сонда бұл байқауға сіздер алдын ала жобаларыңызды жіберіп, сол арқылы іріктеу болды ма, әлде сол байқау кезінде белгілі бір уақыт аралығында дайындап шығу керек пе еді, жалпы байқау сатылары қалай өтті?**

Бұл байқауға қатысуға өтініштерді қабылдау өткен жылдың қазан айында басталды. Желтоқсанға дейін жобаның құжаттарын толық жіберуіміз керек болды және онда белгілі бір секциялар болады. Соларға жауап беру керек. Экономика, техникалық жағынан пайдасын және кемшіліктерін көрсетуміз қажет, яғни жобаның тезисын дайындап, дедлайнға дейін жіберуге міндетті болдық. Осы өтініштер ішінен тек тоғыз команда өтетіні айтылған. Ең басында өтініш бергендер саны алпысқа дейін жетті. Сөйтіп, желтоқсандағы дедлайн біткенде, он алты команда ғана қалдық. Көп топтардың құжаттары дұрыс болмаған болуы мүмкін немесе стандарттарға сай емес, не уақытында жіберілмеген болуы керек. Сөйтіп келесі кезеңге біз он алты команда қалдық. Ұйымдастырушылар осы он алты команданы толық алуды шешті. Бірақ соңында тоғыз команда ғана қалуы керек. Келесі кезеңде біз ұсынған жобаларымызды қазылар алдында қорғауымыз қажет болды, сөйтіп бізді Нұр-Сұлтан қаласына шақыртты. Жаңағы үш секция бойынша группалар әртүрлі болды, біреулеріне көп қатысып жатса, кейбіреулеріне қатысқандар аз болды.

**Қорғап шыққан жобаларыңыз туралы кеңірек айтсаңыз. Не тақырып, не мәселе көтердіңіздер?**

Біз калькулятор құру бойынша жоба ұсындық. Бізге басында жалпы стандарт берілді. Біз экспорт бойынша калькулятор жасап шықтық, содан соң оны вебсайтқа жүктедік. Оны кейін белгілі бір компаниялар сатып ала алады. Тіпті бұл студенттер мен ғалымдарға да қажет дүние. Біздің басымдылығымыз – калькулятордың қалай жасалғанын және оның вебсайтта қалай жұмыс істейтіндігін презентация барысында аудиторияға көрсете алғандығымыз деп ойлаймын. Себебі басқа

қатысушылар негізінен теориялық тұрғыдан ғана видео, фото арқылы идеясын таныстырды. Біз әділ қазылар алдында вебсайтқа онлайн түрде кіріп, деректерді жазып, калькуляторды қалай қосуды сол жерде тікелей көрсеттік.

**Сіздер осы байқаудың жеңімпаздары ретінде «Karachaganak Petroleum Operating» компаниясында төленетін еңбек тәжірибесінен өтуге жолдама алдыңыздар. Бұл, меніңше, сіздер үшін өте үлкен мүмкіндік. Бұған команданың барлығы қатыса ала ма?**

Ия, барлығымыз үш айдан алты айға дейінгі уақыт аралығында бұл компанияда жұмыс тәжірибесінен өте аламыз. Өзіңіз білетіндей, бұл компания Қазақстандағы осы сала бойынша үш негізгі кәсіпорындардың бірі болып табылады. Сондықтан да бұл біз үшін өте үлкен мүмкіндік деп ойлаймын.

## «OXYGEN»

**командасының мүшесі –  
Айжан Умербаева:**

**Сіздердің мамандық бойынша оқып жатқан студент қыздар көп пе?**

Ия, біздің қазіргі тобымыздың жартысы қыздар. Жалпы, бұл мамандық бойынша қарасаңыз, қыздар өте аз. Мысалы, орыс тобында бізде жиырма үш студенттің тек үшеуі ғана қыздар болды. Себебі қыздар мұндай техникалық мамандықтарды көп таңдай бермейді ғой.

**Сіздер бұл мамандықты бітірген соң, қандай жерлерде жұмыс істей аласыздар?**

Біз мұнай-газ кәсібіне қатысты барлық салаларда жұмыс істей аламыз. Әкімшілік жұмыстардан бастап, механик, инженер болуға дейін. Бізде шағын салаларға арналған шектеулі мамандықтар жоқ, себебі біздің

салада кейбір мамандықтар тіпті белгілі бір уақыттан кейін жоғалып кетуі де мүмкін. Сондықтан бізге кеңінен, тереңірек оқыту және осы сала бойынша барлық істерді қамту қарастырылған. Тіпті бізге осы сала бойынша алдағы уақытта аса қажеттілікке ие болатын мамандықтарды да қосып жатыр. Яғни, біздің курс өз бітіруші түлектерінің саласында жан-жақты және барынша жұмыспен қамтылатындығын қалайды.

### **Бұл байқауға қатысу мүмкіндігі сізде қалай болды?**

Біздің команда бұл байқаудан ертерек уақытта құрылды. Бұл байқауға қатысудағы біздің мақсат жеңімпаз болуда емес, ең бастысы – осы байқаудың өзіне қатысып, тәжірибе жинау маңыздырақ болды. Бірақ, әрине, осындай нәтижеге қол жеткізгенімізге өте қуаншытымыз. Маған осы байқауға қатысуға ең басында басқа бір команда өздеріне мүше болуға ұсыныс жасаған еді. Мен олардан бас тарттым. Себебі олар өз жобаларын әлдеқашан жасап, дайындап қойған болатын. Ал мен жоба дайындаудың басынан аяғына дейін қасында болып, процесті өзім көргім келді. Сондықтан осы қазіргі команданың құрамында болдым және біз бәріміз бұл жобаның идеясы мен барлық жұмыстарын бірге жасап шықтық. Маған осы бірге дайындалған жұмыстың өзі маңызды болды. Яғни, мен идеяның басталуынан соңындағы осы жобаны ұсынғанға дейінгі уақытта бірге жұмыс жасадым.

### **Енді әрі қарай бұл жобаның тағдыры не болмақ, бұны қалай жүзеге асырасыздар?**

Біз қазір тәжірибеден өтуге жолдама алдық. Сол мүмкіндікті пайдаланып, ол жақта біз осы жұмысымызды әрі қарай жүзеге асыруға талпынып көреміз деп отырмыз.

### **Сіздіңше, мұнай-газ саласы бойынша Қазақстанда қандай өткір мәселелер бар деп ойлайсыз немесе сұрақты былай қойсақ: осы сала мен осы салаға кадр даярлайтын оқу жүйесі арасында тығыз байланыс бар деп есептейсіз бе?**

Жалпы, мұнай-газ саласы бойынша мен соншалықты бір үлкен мәселелер бар деп айта алмаймын. Ал енді сіз атаған осы сала бойынша мамандар даярлау барысында аздап мәселелер бар. Мысалы, жыл сайын өте көп мамандар бітіріп жатады, бірақ солардың барлығының өз саласы, мамандығы бойынша жұмысқа тұруы өте қиын. Осы мәселе, меніңше, қазір студенттер үшін ең үлкен сұрақ деп есептеймін. Негізі осы сала бойынша мамандар даярлайтын университеттер елімізде көп

болғанымен, тіпті бізді жан-жақты оқытып жатқанымен де, елімізде осы сала бойынша жұмыс істейтін компаниялар мен өндіріс орындарының аз болуы бұл мамандықты бітірушілерге жұмыс табу жағынан қиындықтар тудыруда.

### **Өзіңіздің соңғы оқыған бір кітабыңызбен бөлісе аласыз ба?**

Мен әртүрлі бағыттағы кітаптарды оқығанды ұнатамын. Психология, бизнес, көркем әдебиет. Менің соңғы оқыған кітабым – «Куриный бульон» деп аталады. Онда бастан өткен әртүрлі оқиғалар, адамдардың күрделі тағдырлары айтылады. Бұлардың барлығы олардың ауруларына және сол сияқты жеке мәселелеріне қатысты болуы мүмкін. Бірақ автор осы арқылы өмірде ешқандай адам жеңе алмайтын қиын дүние болмайды деген идеяға әкеледі. Тіпті адам қаласа, ауруды да жеңе алады. Яғни, өмірде шешімі болмайтын мәселе жоқ деген ой тастайды.

### **Осы жерде сұрайтыным: сізді өмірде не шабыттандырады?**

Меніңше, ол менің ата-анам шығар. Олар маған қатты сенеді. Мен де олардың үміттерін ақтауға үнемі тырысамын.

### **Ал сіз қазіргі қазақстандық фильмдерді көресіз бе және отандық кино туралы жалпы не айтасыз?**

Ия, әрине, көремін, маған ұнайды. Бірақ халықаралық деңгейдегі сапалы фильмдермен салыстыра алмайсың. Сөйтсе де маған жалпы отандық фильмдер ұнайды деп айта аламын.




МЕРЕЙ ҚОСЫН

# Эмоциональды интеллект дегеніміз не?








әсілдік дискриминацияға нүкте қойған, XX ғасырдың адамзат тарихындағы ең үлкен жеңісі болып саналатын Мартин Лютер Кингтың «Менде де арман бар» деген сөзі есіңізде ме? Сахнада тұрып лидердің осы тарихи үндеуін халыққа айтқан сәті, егер фильмін көрген болсаңыз бұл сәт сөзжөк сізге ерекше әсер қалдырғаны анық. Себебі Мартин алдын -ала жазылып, түнімен дайындалған сөздерін ертесі халық алдына шыққанда толықтай ұмытады. Есесіне жан дүниесінде арпаысқан ойлары соншалықты шынайы эмоциямен халыққа жетеді. Және бұл тарихи сәт адамның терісінің түсіне қатысты қатып қалған көзқарасты толықтай өзгертті. Және осы ғасырдағы тағы бір тарихи тұлғаны еске түсірсек. Ол өз ұлтын сүйгені соншалықты ең соңында фашиске айналдырған Гитлер. Оның жан- жаққа желпілдеген қолдары, трибунадағы бейнесі, дауысы осының барлығы өте қауіпті жол болса да, толықтай бір неміс халықын бір идеяға жұмылдыра алды. Ал, керісінше, дәл осы ғасырдағы тағы бір сондай халықтық көшбасшыға айналған Гандиды алсақ, оның да өз ұлтына деген шексіз құрметі мен сүйіспеншілігі толықтай бір тарихи кезеңді өзгерткен болатын. Үнді халықын қарусыз тәуелсіздікке жеткізген бұл аңыз адамның да бойында ерекше бір қасиет бар еді.

Бүгінгі күні көптеген ғалымдар психология саласында көп жылғы зерттеудің нәтижесінде тарихи ұлы көшбасшылардың бойында эмоциональды интеллектің ерекше жоғары болатынын дәлелдеді. Әрине, бұл тақырыпқа ғалымдардың аса назар аударуының себептері бар. Мысалы, біз осы уақытқа дейін адамның интеллектісін көрсететін «Интеллект сапасы» (Intelligence Quotient) деген тесті қолданып жүрдік. Бірақ осы тест нәтижесі өте жоғары танымдық қабілетке, интеллекке ие адамдардың көп жағдайда өмірде, мансапта онша жолы болғыш болмайтындығын көрсетіп келді. Ал, тарихтағы біз айтқан

ұлы көшбасшылардың немесе атақты ғалымдар мен инноваторлардың өмірбаяны мен характерін зерттеп қарасаңыз, бәріне ортақ ерекше қасиет- олардың эмоциональды интеллекті өте жоғары тұлғалар болғандығын байқайсыз. Тіпті осы ғасырдың ақпараттық технология көшбасшыларына айналған атақты: Билл Гейтс, Стив Джобс, Марк Цукерберг, Илан Маск сияқты новаторлардың спичын естісеңіз де олардың ең алдымен өте жақсы мотиватор екенін білесіз. Яғни олардың барлығына бір ортақ қасиет – олар адамдарды эмоция арқылы өзгерістерге әкеле алады. Яғни олардың бойларында эмоциональды интеллект деген нәрсе өте жоғары. Ал, бұл қасиет қазіргі нарық заманындағы негізгі талап етілетін қабілеттер: көшбасшылық, харизма сияқты табысқа, сәттіліктерге жетелейтін мінезді болмысты қалыптастырады. Сондықтанда соңғы он жылдықта силикон алқабы сияқты үлкен ғылыми зерттеу орталықтарында, компаниялар бұрынғыдай IQ (Intelligence Quotient) тест алудың орнына EI (Emotional Intelligence) тестін алатын болған. Яғни өмірде тек ақылды және кәсіби қабілеттілік ғана жетістіктерге жетелемейді, ең үлкен жеңістердің табыстардың артында адамның ақыл ойымен қоса, адамның адами сезімдері тұрады. Және қазіргідей роботтанып, техникаланған заманда адамның адам болып қалуы, оның эмоциясы ғана өмірді табиғи үйлесімділікте сақтай алады.



***Сонымен, эмоциональды интеллектті ғылым қалай түсіндіреді?***

Эмоциональды интеллект дегеніміз - жеке тұлғаның өзінің және айналасындағы адамдардың эмоцияларын тануы, және олардың арасындағы айырмашылықтарды біле отырып, осы қабілет арқылы алынған ақпараттарды жеке тұлғаның белгіленген мақсатына қарай бейімдеу, лайықтау. Бұл терминді алғаш рет 1964 - жылы Колубия университетінің оқытушылары Joel Robert Davitz және Michael Beldoch деген кісілер “Communication of emotional meaning” атты зерттеулерінде қолданады. Кейін 1995- жылы ғылыми журналист Daniel Goleman өзінің “Emotional intelligence” атты кітабын шығарғаннан кейін бұл ұғым кеңінен талқылана түсті. Кейіннен қоғамда әлеуметтанушылар мен психологтар тарапынан бұл тақырып қызықты бола бастады да жеке тұлғаның бойындағы эмоциональды ақпаратты әлеуметтік ортада қалай дұрыс пайдалану керектігі жайында өте көп ғылыми зерттеу материалдары жарық көрді. Олардың зерттеуі бойынша эмоциональды интеллекті жоғары адамдар тек ғана жұмыста ғана табысты болып

ғана қоймай, өмірлік, отбасылық қарым қатынаста да айтарлықтай жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатындығы дәлелденген. Эмоциональды интеллекті эмоцияны қабылдау, пайдалану, түсіну, және басқару деп төрт бөлікке бөлді. Және осы төрт қасиет бойынша интеллект, эмпатия және эмоцияны бір нүктеге шоғарландырғанда ғана ойды, әрекетті және нәтижені күшейтуге әбден болады деп есептеді. Эмоциональды интеллекті жоғары адамдар басқалардың қайғы- қуанышына ортақтаса алады яғни эмпатия арқылы ол интерперсонал қарым- қатынаста, топтық қоғамдық мәселелерді шешуде айналасымен тез келісімге келе алады. Және ЭИ жоғары адамдар өздерінің психологиялық әлсіз , қиын тұстарын да өте жақсы білетіндіктен олар өздерін стресс, депрессия сияқты қазір жиі кездесетін психологиялық ауырулардан да қорғай алады. Daniel Goleman эмоциональды интеллекті жеке және қоғамдық деп екіге бөледі. Және ЭИ құрайтын төмендегідей қасиеттерді атап өтеді: Түйсік, өзін бағалау, өзіне сенімділік, өзін бақылай алу, сене білу, жаңа ортаға икемділік, иновация, мотивация, берілгендік, бастамашылдық, оптимист, эмпати, басқаларды түсіне білу, басқаларды дамыта білу, әсер ете білу, лидерлік, корпоратциялық қабілет.




Сонымен қатар, адам бойындағы бұл қабілеттің де қараңғы жақтары болатынын да біраз ғалымдар дәлелдеуге тырысты. Олардың айтуынша, эмоциональды интеллект жоғары адамдар халықты манипуляция жасауға да өте қабілетті келеді дегенді ескертті. Біз басында атап өткен тарихи тұлғалар белгілі бір ұлы мақсаттар жолына адамдарды артынан ерте білді. Ал, дәл осы қабілетті басқа да мақсат үшін дәл солай қолдануға болады емес пе, әрине, әрқашан әр нәрсенің де екі ұшы болған. Барлығы айналып келіп ол сіздің таңдауыңызға түседі. Сіз қай жолды таңдайсыз, сол жолда сіздің жеңіске жетуіңізге көмектесетін барлық күш пен қабілет сіздің бойыңыздан табыла алады. Ең бастысы, адамдыққа қарсы келмейтін, уақытқа сай жолды таңдау. Яғни бір ауыз сөзбен айтқанда эмоциональды интеллект деген адам бойындағы ең қадірлі күйініш, сүйініш, обал, ұят, түйсік дейтін сезімдері. Бұл сезімдер әрқашан сіздің барлық жетістіктеріңіздің бастауы бола алады.





# ДЕНЬ БЛАГОДАРНОСТИ



Д

ети-инвалиды это одна из самых уязвимых категорий населения. Именно поэтому они, как никто другой, нуждаются в защите, заботе и поддержке, и конечно в радости

и положительных эмоциях, которых у этих особенных ребят должно быть много. И за это ответственны все мы, равнодушные люди, думающие и делающие все возможное, чтобы дети-инвалиды, также жили полноценной, интересной, радостной жизнью. Вот и мы, сотрудники Научной библиотеки, члены Локального профсоюза и студенты Сатпаев университета, молодые специалисты- психологи Городской студенческой поликлиники, а также школьники 143 школы пришли в 3-е отделение Центра дневного пребывания для детей-инвалидов г. Алматы и организовали для детей самый настоящий праздник, с песнями, танцами и подарками, посвященный 1 марта - дню благодарности. Все, и педагоги, студенты и школьники старались, чтобы добрый, веселый праздник удался и никто в этот день не чувствовал себя лишним или забытым.

*Сотрудник Научной  
библиотеки SU  
Сарсенбекова Алтынгуль.*























Главный специалист Центра исторического наследия  
Департамента по студенческим вопросам  
**Ниретина Надежда Васильевна**

# РАВНЕНИЕ НА АКАДЕМИКА САТПАЕВА


**Н**еоценимы заслуги академика К.И. Сатпаева в становлении и развитии Казахского горно-металлургического института. Начиная с первого выпуска горных инженеров-геологов в 1937-1938 гг., Каныш Имантаевич был председателем Государственной экзаменационной комиссии. В годы Великой Отечественной войны являлся членом Ученого Совета института.

Выпускники первого технического вуза страны старательно осваивали особенный сатпаевский стиль работы, который Каныш Имантаевич неустанно прививал. Так, в своем «Напутствии молодым геологам» он подчеркивал: «Нам нужно воспитывать в молодых кадрах скромность, любовь к упорному творческому труду, уважение к научным фактам и чувство глубокой этики и добросовестности в научной работе».

По глубокому убеждению К.И. Сатпаева, вопросы роста кадров – это «...не только защита диссертаций. Это означает глубокую эрудированность в своей научной области, широкую ориентированность в вопросах науки и жизни, внутреннюю культуру и скромность без зазнайства и чванства».

Сам Каныш Имантаевич Сатпаев, ученый поистине энциклопедических знаний, был тонким знатоком истории и культуры, этнологии, языка, музыки и фольклора. Жажда знаний и «стремление принести наибольшую пользу своему родному краю», по меткому определению академика В. А. Обручева, главные черты его характера. Он был Учителем для многих сотен ученых разных специальностей.

Первый президент Республики Казахстан – лидер нации Н. А. Назарбаев в своем выступлении, посвященном 100-летию со дня рождения Каныша Имантаевича Сатпаева, подчеркнул: «Именно сегодня мы по-настоящему начинаем постигать масштабность, огромную значимость научного и нравственного подвига великого сына казахского народа, крупного ученого, блестящего организатора науки. Необходимо возродить Сатпаевскую атмосферу, добиться, чтобы все направления научных поисков в Казахстане возглавляли люди высококомпетентные, творческие, подлинные патриоты – исследователи, стремящиеся к реформированию, поиску неординарных подходов, чтобы Казахстан крепко встал в ряды цивилизованных стран мира».



Выдающийся организатор науки Казахстана, первый президент АН КазССР, горный инженер К. И. Сатпаев в своем рабочем кабинете

Академик К. И. Сатпаев с деятелями культуры Казахстана, справа — писатель М. О. Ауэзов





# НАПУТСТВИЕ МОЛОДЫМ ГЕОЛОГАМ

Из выступления **К.И. Сатпаева** на встрече со студентами-геологами КазГМИ и КазГУ, 18 марта 1950 г.



14 лет КазГМИ выпускает своих питомцев. Они – в Казахстане, в других республиках СССР. Они не подкачали, оправдали добрую репутацию КазГМИ. Они – на рудниках, в геологоразведочных организациях, в АН КазССР. Вы – подрастающая смена геологов Казахстана. Какие пожелания я сделал бы вам:

а) Учиться и учиться. Учиться упорно, учиться добротнo. С юношеским энтузиазмом и любознательностью, с упорством и целеустремленностью патриота.

б) Учиться и овладевать знаниями не формально, а фактически. Не «проглатывать»

зачеты, а «переваривать» полученные знания творчески, критически осмысливая их.

в) Помнить всегда, что школьное знание, в том числе и вузовское, вводит вас в курс лишь самых общих истин и выводов в науке, указывает методику работы над первоисточниками, чтобы постигнуть ее отдельные детали.

Наряду с научной и учебной литературой, для геолога основным первоисточником является Великая книга природы, представляющаяся в виде разрезов, обнажений, как естественных, так и создаваемых волей человека в виде буровых скважин, канав, шурфов,

шахт, различных горных и горно-эксплуатационных выработок. Эта книга природы, на первый взгляд, бывает не такой полной истройной, как, например, натуральные печатные книги. Часто в ней бывает много пропусков, стертых страниц, неясных мест, различного рода загадок и шарад.

г) Поэтому, помимо зоркой наблюдательности к фактам, геолог должен обладать также немалой силой творческого воображения, чтобы из разрозненных, подчас сложных и неясных фрагментов воссоздать первоначальный, истинный текст отдельных страниц этой Великой книги природы. Геолог не должен быть слепым фиксатором фактов, он должен их осмысливать и связывать в единое стройное целое. Труд геолога такой же творческий, как и труд архитектора, воссоздающего на основе разрозненных фрагментов общий ансамбль какого-либо архитектурного сооружения в целом. «Геолог должен обладать определенной дозой фантазии, чтобы создавать рабочую гипотезу явления», – говорил академик М. И. Усов.

д) Но гипотезы геолога должны строго соответствовать фактам и изменяться в соответствии с данными новых фактов. Нельзя становиться рабом предвзятой гипотезы.

е) Для геологии, как и для всякой естественной науки, основной базой, аргументом должны быть реальные факты, а не гипотезы, пусть самые модные и напоследние. Уметь сочетать теорию с фактами – большое искусство для геолога. Сколько геологов стало жертвой неумелого сочетания их...

ж) Геологу нужно начать с производства. Без производственного стажа геолог – не геолог, не инженер, а тепличный цветок. Аспирантура – после производства.

з) Труд у нас коллективный. Тем более, на производстве. Успех – в организации. Геолог на производстве должен быть, прежде всего, организатором:

1) Он должен организовать коллектив; готовить, вырастить кадры на месте, зажигать их энтузиазмом в работе. Уважать труд каждого. Быть душой коллектива. Для этого нужно справедливое, ровное и требовательное отношение к людям. Панибратство, заискивание не менее вредны, чем крикливость и зазнайство.

2) Укреплять всемерно дисциплину производства, авторитет нижестоящих звеньев.

3) Заражать коллектив своим личным примером. Не чураться черновой работы. Быть скромным в быту и в работе.

4) Организация производственного процесса. Комплексное ведение работ, вплоть до тонких научных исследований на месте. Создавать научно-исследовательские ячейки на месте.

5) Комплексный охват всей геологии и полезных ископаемых района своей деятельности. Не быть однобоким в исследовании. Диалектический подход к исследованию.

6) Не терять связи с КазГМИ, с профессурой, с АН КазССР. Запросто обращаться к нам в затруднительных случаях. Наладить с научными кадрами нормальные взаимоотношения.

7) Для рудничных геологов – охрана недр от хищничества; обслуживать эксплуатацию; научные результаты эксплуатации рудников.

8) Быть широко образованным человеком, не замыкаться только в узком кругу своей специальности.

Язык, стиль не менее важны для геолога. Их можно постигнуть только на основе чтения художественной литературы, особенно классиков.

9) Быть настоящим инженером – не пасовать перед трудностями, преодолевать их, быть настойчивым в достижении цели, маневренным в методах преодоления трудностей.

Впереди – грандиозные задачи. Генплан: 50 млн т чугуна, 60 млн т стали, 500 млн т угля. Эти цифры, в свою очередь, определяют объем добычи цветных, редких металлов и другого минерального сырья.

**В реализации этой исторической задачи геологи стоят на передовой линии. Они должны быть достойны поставленных перед ними исторических задач. Для этого геологи должны быть принципиальными, твердыми и волевыми людьми, не боящимися трудностей.**

**Жараспаева Гюзаль,**  
Сәтбаев қаласы, КММ  
«№27 жалпы орта білім беретін мектебі»

## **ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ – АЗАМАТ ЖӘНЕ ПАТРИОТ**





**О**тан деген үлкен ұғым. Отан қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Өкенді, шешенді, бауырларыңды ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан тарихыңды білген жөн. Тарихың білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан өз елінің тарихын білу – әрбір азаматтың парызы. Осы ұланғайыр жерімізді қорғап, гүлденуіне үлес қосқан ер-азаматтар аз емес.

Қазақ даласы қашаннан да ел бастайтын ерге, сөз бастайтын шешенге, ой толғайтын данаға кенде болмаған. Арғы тарихты айтпағанның өзінде, XX ғасырдың басында ұлт рухының ошағына айналған Алаштың ардақтылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатовтардың әрқайсысы әлемдік деңгейдегі тұлғалар емес пе?! Міне, осындай алыптар мұздатқан ұлттық рухты сол кездегі өрімдей жастар Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаевтар өз өмірінің негізгі нысанасы етіп алды және оны тарих алдында дәлелдеп шықты.

Тарих алдындағы, халық алдындағы өз міндетін терең түсіне білген бұл алыптардың ешқайсысы да тек бір ғана ғылым саласымен шектеліп қалған жоқ. Жан-жақты білімді, сан-салалы өнер иесі бола білді, тынымсыз еңбектенді. Қаныш Сәтбаев – кешегі Алаш арыстарынан тәлім алып, алыптармен иық теңестіре жүріп, туған халқының атын алтын әріппен тарихқа жазып кеткен ғұлама ғалым.

Қаныш Сәтбаев атамыздың еңбегін зерделесек, өмірінің соңына дейін серік етіп, өзінің кәсібімен бірге алып жүрген саласы – әдебиет пен өнер және тарих саласы болған екен. Бұл үшеуін ғалым өзінің рухани жан дүниесін байытуға ғана емес, кен зерттеу ісінде де пайдаланды. Қаныш атамыздың осындай жан-жақты қасиетін Мұхтар Әуезов «Қазақ халқының зор ғалымы» атты мақаласында былайша атап өтеді: «Қаныштың үлкен бір ерекшелігі – ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, филологпен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамандық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Қаныш Қазақстан Ғылым академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш».

Қаныштың туған жері, өскен ортасы қасиетті Баянауыл – әдебиет пен өнердің ту тіккен жері болатын. Арғы атасы Сәтбайдан бастап өз әкесі Имантайға дейін қазақтың

арғы-бергі тарихын жетік білетін, өнерді құдірет тұтатын, өздері де ғылым-білімге жетік жандар болғаны белгілі. Қазақ даласында мыс магниткасының өмірге келуіне ең сүбелі үлесті геологиялық-барлау экспедициясы қосады. Ал олардың бастаушысы және әрі ынталандырушысы – қазақтың біртуар ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев еді.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев өзінің бір мақаласында былай деп жазған екен: «Жезқазғанды мен өмірімнің тек жақсы жылдарымен ғана байланыстырамын. Өйткені сол жерлерде жүргізілген зерттеу жұмыстарым мені қатардағы инженерден академик дәрежесіне көтерді».

Кішкентай ғаламшардың бірінің академик атымен аталуы – Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұлылығын дәлелдейтін тағы бір жайт және ғалымның есімі менің туған қалама берілуі – ол кісі елінің ардақты азаматы екендігін дәлелдейді.

Елбасының «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» мақаласы аясында «Туған жер» бағдарламасы жастар үлесіне көп септігін тигізіп отыр. Олардың елін, жерін сүйген патриоттық сезімін осыдан, әрқайсының туған жеріне деген сүйіспеншілігін сол жердің тарихын білудегі ұмтылысынан аңғаруға болады. Қорыта келе, қазақстандық патриотизм бүкіл қазақстандықтарға тән. Себебі ортақ Отан, ортақ тарих, ортақ батырлар дәстүрі, ортақ туған жер, ортақ салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ортақ қазақ тілі. «Отан отбасынан басталады» десек, туған қаламыздың көрнекті жері, тарихы, атаулы оқиғаларын, айтулы адамдардың өмір жолдарын білуіміздің мәні зор. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін, батырларымыздың Отанды қорғау жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіріп, насихаттау қажет. Сол арқылы әрбір жас ұрпақ еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі керек.

**Ақерке НИЯЗҚҰЛ,**

Алматы қаласы,

Қазақ спорт және туризмакадемиясының олимпиадалық  
спортфакультетінің (ОСФ) 1-курс студенті

## **Қ.И.СӘТБАЕВ – ТІЛ ЖАНАШЫРЫ, ӘДІСКЕР-ҰСТАЗ**



**Қ**азақ халқының біртуар перзенті, ғұлама ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толып отыр. Көпшілік жұрт, әсіресе біз сияқты жастар Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты академик, атақты геолог және Ғылым академиясының алғашқы

президенті ретінде білеміз. Ұлы ғалым – геолог қана емес, минералог, әдіскер, математик, фольклортанушы, тіл жанашыры, бір сөзбен айтқанда – тұла бойы тұнған талант иесі.

Оның бала кезінен тіл алғыш, зерек, әр істі тындырымды орындайтын пысық бала болып қалыптасуына әкесі Имантайдың ізгілігі әсер етсе керек. Әкесі Имантайдың өмірлік ұстанымы – маңдай термен келетін адал еңбек еді. Бала Қаныш жастайынан ерекше өрелі, зейінді, табиғатқа іңкәр, өмірге құштар болыпты.

Қазақ археология ғылымының атасы, академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан: «Қаныш Имантайұлы әкесінің өнегесімен бала кезінен араб, парсы тілдерін үйренеді. Хафиз, Сағди, Науаи өлеңдерін жатқа білді. Жастайынан жадында қалған осы ақындардың ғажайып өлең-жырларын курорттарда, қолы бос демалыс сәттерінде тамылжытып жатқа айтатын сұңғылалығы бар», – деп еске алады екен.

Қ.Сәтбаевтың болашақ ғалым болып, әлемге аты шығуына себепкер болған адам – 1921 жылы Баянауыл еліне емделуге келген Томск институтының профессоры, геолог Михаил Антонович Усов екен. Осы кісінің кеңес беруімен Томск технологиялық институтына оқуға түсіп, геология ғылымының негізгі салалары-

нан дәріс оқитын ұстазы М.А.Усовтың лекцияларын қалт жібермей тыңдап жүрген Қаныш университеттің кітапханасына күнде барып, білімін тереңдете түседі.

Қаныш аға 1918–1926 жылдары Семейде екі жылдық педагогикалық курстарда табиғаттанудан сабақ беріп және Ақкелін болысының 4 ауылындағы мектепте оқытушы болып жүріп, мектептерде оқулықтың тапшылығын байқап, осы қажеттіліктерді өтеуге көңіл бөліп, «Алгебра» оқулығын 1919–1924 жылдар аралығында орысшадан қазақ тіліне аударуға кіріседі. «Алгебра» оқулығына жазған «Сөз басы» кіріспесінде: «Оқушылардың назарына ұсынылып отырған бұл кітап 1919 жылдан былай басталып, содан бері талай тартыстар арқылы созылып келеді. 1924 жылдың басында аяқталып отыр. Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болды...» деп жазады Қаныш Имантайұлы.

Оқулықтың араб графикасындағы қолжазбасын Қазақстан Халық ағарту комиссариатына 1924 жылы тапсырғаны, Оқу комиссариаты қабылдап алып, 1924 жылы басуға рұқсат еткені туралы анықтама бар. Бірақ белгісіз себептермен кітап басылмаған. Мүмкін, әлдебіреу кедергі жасаған шығар, біразы қолды болып кетті ме, кім білсін. Ғалым осы оқулығында көптеген математика терминдеріне қазақша атаулар ұсынған екен. Міне, Қаныш Имантайұлының әдіскерлік қыры. Кейіннен академик «Геология негіздері» оқулығын да қазақ тіліне аударған, алайда оның тағдыры белгісіз.

Қаныш Имантайұлы – әдіскер ғана емес, жанашыр ұстаз болған. Бірде академияға (XX ғасырдың 60-жылдары) Қытай елінен бір топ (көпшілігі қазақ, ұйғыр) делегация келеді. Сол делегацияны академиктің өзі қабылдайтын болып, қоғамдық ғылымдар бөлімшесінен тілші, әдебиетші, тарихшы және т.б. жас ғалымдарды шақыртып, кездесуге қатыстырады.

Сонда Қ.И.Сәтбаев академия ғылымдары туралы жиырма минуттық баяндамасын таза қазақ тілінде баяндап шыққан. Академик тіпті қазақ тіліне етене еніп кеткен «совет, революция» деген ондаған, тіпті жүздеген терминдердің біреуін де қолданбай, «кеңес, төңкеріс», т.т. түрінде келтіріп, қарапайым қазақ тілінде баяндап шығады. Міне, бұл ұстаздың тілге деген жанашырлығы.

Кіндік кесіп, кір жуған жерін, өсірген елін, туған тілі мен әдебиетін, халқының мәдениеті мен тарихын

кастерлеу – әрбір халықтың абзал перзентінің борышы болса, бұл шынайы қасиеттің бәрі – академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бойынан табылған.

Жас кезінде ғалым халық ауыз әдебиетін жинау, оларды құмарта оқу, жарыққа шығарып жариялау ісімен де көп шұғылданғаны белгілі. Оның куәсі – «Ер Едіге», т.б. дастандарды жариялауы. Өзі академия президенті болып тұрған кезінде туған тілі мен әдебиет мәселесіне ерекше назар аударуы, әрқашан қолдап-қолпаштап, жағдай жасап отырғаны – мұның толық дәлелі.

Тіл және әдебиет институтын жеке Әдебиет және өнер институты мен Тіл білімі институты етіп қайта құру жолында істеген қажырлы еңбегі де ел есінде. Үкімет алдына мәселе қойып, одақтық Ғылым академиясы мен жоғарғы оқу орындарының жағдайын үздіксіз, салиқалы түрде баяндап, нақты шешім қабылдануы тек Қаныш Имантайұлының қажырлы еңбегінің арқасында ғана іске асты. Әсіресе Тіл білімі институтына Қаныш ағаның көп шарапаты тиген екен.

Жергілікті халықтың тілін зерттеу, эпиграфиялық материал жинау, қазақ сөздерінің картотекалық қорын жасату жұмыстарына қыруар қаражат беріп, үнемі қамқорлық жасап отырған. Соның нәтижесінде жыл сайын тілдік қорды жинақтап, карточкаға түсіру, оның санын арттырып, көбейту арқасында 5 миллион картотекалық қор жасалған.

Осындай ерекше дарын иесі, еңбекқор Қаныш Имантайұлының өмір жолдары бүгінгі күннің жастарына, яғни біздерге үлгі-өнеге болуы қажет. Ғалымның әсіресе туған тілге – қазақ тіліне деген құрметі, адалдығы мені ерекше тебіrentті. Халқымыздың «Талантты адам барлық жағынан талантты» деген сөзі Қаныш ағаға қатысты айтылғандай.

«Қазір жарық көп, бірақ шуақ пен сәуле жетіспейді», – деген екен Серік Аббас-Шах. Өте орынды айтылған сөз. Жүрген жерінде шуағын төгіп, сәулесін шашып жүретін Қаныштар жастарға жетіспейді...



LISTEN UP!

A portrait of Yuval Noah Harari, a man with glasses and a dark jacket, looking directly at the camera against a dark background.

# ЮВАЛЬ НОЙ ХАРАРИ

МЕРЕЙ ҚОСЫН

# 2050 жылы әлем қалай өзгереді?

Бүгінде кітап дүкендерінен «Sapiens: Адамзаттың қысқаша тарихы», «Homo Deus: Болашақтың қысқаша тарихы», «21 ғасырдың 21 сабағы» атты өте қызықты оқулықтар топтамасын жиі байқап жүрген боларсыз. Тіпті алғашқы кітабы қазақ тіліне аударылып та үлгерген бұл авторды оқу біз үшін неге маңызды? Еврей тарихшысы Юваль Ной Хараридың бұл кітаптары әлемдік өркениеттердің даму тарихын қорытындылай келе, алдағы уақытта адамзат баласын қандай жаңалықтар мен өзгерістер күтіп тұр деген сұрақтарға жауап іздейді. Қазірде интеллектуалды орталарда өте көп талқыланып жатқан бұл автордың идеялары туралы біздің де сөз қозғауымыз және ойлануымыз өте маңызды. Сондықтан да автордың біздің болашақ туралы жазған еңбегінен шағын үзінді беруді жөн көрдік.

## ӨЗГЕРІС ЕНДІ ҮЗДІКСІЗ БОЛАДЫ

Өте көп өзгерістердің орын алып жатқанына қарай, тіпті адамның адам болып қалуының өзі сұрақ тудырып отыр. Бұл тіпті адамды физикалық әрі танымдық-құрылымдық жағынан үлкен өзгерістерге алып келуі мүмкін.


Адамзат тарихта бұрын-соңғы болмаған революциямен бетпе-бет келіп отыр. Біздің сеніп келген ескі әңгімелеріміз үгітіліп, бөлшектеніп кетті, бірақ олардың орнын басарлықтай жаңа әңгімелер әлі де қалыптасып үлгірмеді. Біз өзімізді және балаларымызды бұрын адамзат тәжірибесінде болмаған, осындай болжалмайтын өзгерістерге қалай дайындаймыз? Қазір туылған бала 2050 жылы отыз жасқа келеді, егер барлығы дұрыс болып жатса, ол бала кейін 2100 жылдарда да өмір сүреді. Тіпті өмір сүру деңгейі жақсы болып жатса, 22 ғасырды көруі де мүмкін. Енді келесі онжылдықтарда, тіпті келесі ғасырда өмір сүретін балаларымыздың аман қалуы үшін, гүлденуі үшін, біз оларға не үйретуіміз керек? Олардың жақсы жұмыс таба алуы үшін, айналасында жүріп жатқан өзгерістерді тез қабылдай алуы үшін, біз оларға қандай өмірлік қабілеттерді үйретуіміз қажет?



# TECHNOLOGY AND THE FUTURE

## 10 Sneak-Peeks Into Life In 2050

Өкінішке қарай, 2100 жылды айтпағанның өзінде 2050 жылы бізді қандай өзгерістер күтіп тұрғандығын ешкім дәл басып айта алмайды. Біз мұндай сұрақтарға қазір жауап беруге дәрменсізбіз. Әрине, адам баласы болашағын ешқашан дәлме-дәл болжай алмаған, ал бүгін бұл тіпті қиын шаруа. Себебі бүгінгі нано-технология бізге денемізді, санамызды, миымызды жобалауға мүмкіндік беріп отырған уақытта біз ешқандай болжам жасай алмаймыз.



Мыңдаған жыл бұрын болашақ туралы адамдар білмейтін нәрселер өте көп болды. Бірақ соған қарамастан, олар негізгі фундаментальды өзгерістердің болмайтындығын және қоғам толықтай өзгерістерге ұшырамайтындығына сенетін. Егер, мысалы, сіз 1018 жылы Қытайдың бір жерінде өмір сүріп жатқан болсаңыз, бір күні Таң империясы құлайтынын, хайтанстардың солтүстікті жаулап алатындығын, миллиондаған халық обадан өлетіндігін болжай алатын едіңіз. Тіпті алдағы бірнеше онжылдықтарда адамдардың басым бөлшегі фермер болып жұмысын жалғастыра беретіндігі, заңдар сол күйі белгілі бір буржуазиялық топтардың қолында болатыны да анық еді. Қоғамдағы еркектердің статусы әйелдерден әлдеқалай жоғары тұратынын және адамның физикалық жаратылысы, дене құрылымы қалай дәл болса, солай алдағы қырық жылда





да сақталатынын бәрі іштей білетін. Сол үшін де қытайлық ата-аналар өз балаларына қалай күріш егуді, жібек өсіруді үйретті. Ұлдарына Конфуций ілімін оқытып, ат үстінде соғысуға баулыса, қыздарына сыпайы және бағынышты әйел болуды үйретті. Себебі мұндай өмірлік қабілеттердің алдағы 40-50 жылдан кейін де еш өзгеріссіз қалатынына және оның, сөз жоқ, қажет болатынына халық сенетін.

